

Шаруашылық жүргізу құқығындағы кейбір республикалық мемлекеттік кәсіпорындарға байқау кеңестерін енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 20 қарашадағы № 932 қаулысы.

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 148-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 31.07.2024 № 617 қаулысымен.

1. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің мынадай шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындарына байқау кеңестері енгізілсін:

- 1) "Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты";
- 2) "Генетика және физиология институты";
- 3) "Ғылым ордасы";
- 4) "Зоология институты";
- 5) "Маңғышлақ эксперименттік ботаникалық бағы";
- 6) "М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты";
- 7) "Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты";
- 8) "Философия, саясаттану және дінтану институты".

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 31.07.2024 № 617 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) кәсіпорындардың жарғыларына тиісті өзгерістер енгізуді;
- 2) осы қаулыны іске асыру жөнінде өзге де шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов